



ХҒТАР 19.19.21  
Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2616-7174-2024-149-4-51-60>

## Медиакеңістіктегі post-truth ұғымы және оның саяси сипаты

Г.А. Есімова\*<sup>1</sup>, Г.Қ. Ертасова<sup>2</sup>

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

(E-mail: \*[gaukharai@bk.ru](mailto:gaukharai@bk.ru), [guljaz-1105@yandex.kz](mailto:guljaz-1105@yandex.kz))

**Аңдатпа.** Мақала қазіргі саяси коммуникациядағы шындықтан кейінгі құбылысты талдауға арналған. Цифрлық технология дамыған ақпараттық қоғам дәуірінде шындық пен жалғанды ажыратудың қиындығы күн сайын сезіліп келеді. Сондықтан да post-truth немесе «постшындық» ұғымы қазіргі заманғы медиакеңістік пен саяси дискурстардың маңызды сипаттамасы ретінде қалыптасты. Мақалада медиакеңістіктегі post-truth ұғымының мәні, этимологиясы, оның пайда болу себептері және саяси сипаттамалары талданады. Батыстық, ресейлік, қазақстандық ғалымдар тұжырымдары сарапталып, постшындық дәуірінің теріс әсерін болдырмау тәсілдері қарастырылады. Интернеттегі цензураның болмауы әртүрлі деңгейлерде таралатын жалған хабарламалар санының көбеюіне әкелетіндігі, шындықтан кейінгі дәуірде деректер, дәлелдер, теориялық негіздер және сыни ойлаудың қандай рөл атқаратындығы мысалдар арқылы дәлелденеді. Жалған ақпараттың қоғамға тигізетін кері әсері, олардың саяси салдары, қазіргі цифрлық кеңістікті қалай өзгертетінін көрсетеді. Авторлар зерттеу қорытындысында постшындық саяси кеңістігінде популистік лидерлер жиі пайда болып, өз мүддесіне жету үшін жалған уәде беріп, ешқандай шындықпен санаспай, сайлаушылардың эмоцияларын манипуляциялауға бағытталған риторика қолданатындығы мен әлеуметтік желілер мен бұқаралық ақпарат құралдары саяси манипуляция жасау алаңына айналатындығына көз жеткізеді.

**Түйін сөздер:** post-truth, манипуляция, популист, эмоция, ақиқат.

## Кіріспе

Бүгінде гибриді медиа үстемдік етіп тұрған дәуір. Уақыт өлшеміне сай қазіргі медиа-кеңістіктің өзекті мәселелерін жаһандық ғылыммен тұтастықта қарастырып, жалпыға бірдей заңдылықтар аясында өзіндік сипаттары мен ерекшеліктерін анықтау міндеті тұр.

Біздің түсінігімізге «постмодерндік философия», «постмодерн мәдениеті», «постмодернизм» сияқты ұғымдар дендеп енді. «Постмодернизм» сөзі екі түрлі еуропалық тілден алынған морфемадан тұрады. Латын тілінде *post* – «кейін» және француз тілінен енген *moderne* – «жаңа», «заманауи» деген мағынаны білдіретін термин. Әдебиетте постмодернизмді – эстетика мен танымның өзгеруі деп қабылдаса, философияда ой-өріс, көзқарасты бейнелеуге арналған интеллектуалдық құбылыс деп қарайды. Ал медиакеңістіктегі постшындық ұғымы – медиа және ақпарат құралдарының көмегімен жасалған жаңа ақиқаттың феномені.

Постшындық ұғымына байланысты батыс-шығыс елдері ғалымдарына ортақ көзқарас қалыптасқанын байқауға болады. Цифрлық технология дамыған ақпараттық қоғам дәуірінде шындық пен жалғанды ажыратудың қиындығы күн сайын сезіліп келеді. Сондықтан да *post-truth* немесе «постшындық» ұғымы қазіргі заманғы медиакеңістік пен саяси дискурстардың маңызды сипаттамасы ретінде қалыптасты.

Соңғы кездері ақпарат кеңістігінде ғана емес, әлеуметтік және саяси әлемде де *post-truth* ұғымы пайда болды және саясаткерлер өз ұстанымдары мен көзқарастарын білдіруде жиі қолданып жүр. Ең алдымен, осы терминнің пайда болу тарихына тоқталсақ, 1992 жылы серб-америкалық драматург Стив Тесич Парсы шығанағында болған қақтығыстар туралы жазған эссесінде алғаш рет қолданған [1, 21 б], ал американдық философ, әлеуметтанушы С.Фуллер «пост-шындықты» жалған жаңалықтардың белсенді таралуымен түсіндіреді. Бұл термин шындық немесе фактінің маңызды болмайтынын және олардың орнын эмоциялар, жеке сезімдер мен пікірлер басатынын білдіреді.

*Post-truth* ұғымының түп мағынасы оның қазіргі заманғы контекстіндегі күрделілігін түсінуге мүмкіндік береді. Ол тілдік тұрғыда шындықтың өзі емес, оған деген қатынастың өзгеруін бейнелейді деген пікір тұрғысынан қарасақ, *post-truth* сөзінің этимологиясы оның мағынасын тереңірек түсінуге және қалай пайда болғанын анықтауға мүмкіндік береді.

Латын тілінен енген *post* сөзі «кейін», «соң» деген мағынаны, ал ағылшын тілінде *truth* «шындық», «ақиқат» деген мағына білдіреді. Ағылшын тілі көне және орта, қазіргі ағылшын тіліне дейінгі ең маңызды үш кезеңге бөлінгенін негізге алсақ, бұл термин түптамасын орта ағылшын тіліндегі «*treowth*» сөзінен алған.

*Post-truth* ұғымы Оксфорд сөздігінде қоғамдық пікірді қалыптастыру үшін эмоция мен жеке көзқарастарға қарағанда объективті фактілердің маңыздылығы азырақ деген анықтама берілген [2].

Корольдік испан тілі академиясының сөздігінде (RAE) *Post-truth* ұғымына «қоғамдық пікірге және әлеуметтік көзқарастарға әсер ету үшін сенім мен эмоцияны басқаратын шындықты әдейі бұрмалау» деген сипаттама берілген. Ал Кембридж сөздігінде *Post-*

truth адамдарда мәліметке негізделген дәлелді емес, эмоция мен сенімге негізделген дәлелді қабылдау ықтималдығы жоғары болатындығын көрсетеді.

Испан тіліндегі дереккөзде, бұл терминге керісінше, манипуляциялау, өтірік айту немесе ақпарат жеткізушінің шындықты әдейі, қасақана бұрмалауы деп сипаттама береді.

Ал «Большая Российская энциклопедиясында»: «Постправда, коммуникативная ситуация, в которой эмоциональные оценки, политическая ангажированность и предрас судки превалируют над рациональными аргументами, миф вытесняет объективные факты, а понятие истины размывается» [3], – деп аңыз шындықты ығыстырып, ақиқаттың айқын болмайтындығын көрсетеді.

Бұл терминді «postfactual age», яғни фактілерден кейінгі дәуір деп те атайды. Аудармасын «дүдәмал дәуір» деп сипаттауға болады. Постшындық дәуірі – аудитория жөн сөзге тоқтамайтын дәуір. Яғни, бұл адамның өзі маңызды емес, адамның желідегі өзі ұсынған бейнесі маңызды, қоғамда шындықтан гөрі қоғамның конструкцияланған көшірмесі маңызды дегенді білдіреді.

Германияның тіл институты «Постшындық бұл – бұқаралық ақпарат құралдарының эмоция мен жеке сенімге бой алдырып, объективті фактілерді жариялы түрде жерлеуі» деп анықтама ұсынады. Және институт зерттеулері халықтың көп бөлігі айқын фактілерді елемей, тіпті өтірікті ықыласпен қабылдауға үйреніп үлгергенін анықтаған. Сонымен бірге телеарналарда қызу эмоцияға негізделген «саяси және әлеуметтік пікірталастар» санының артқанын дәлелдеген. Шындықты талап ету емес, «сезілген шындықты» білдіру «постдеректік дәуірде» кейбір кейіпкерлердің танымалдылыққа қол жеткізуіне ықпал етуде. Терең танымдық білімі бар, әрі салиқалы ой айта алатын ғалым не сарапшы емес, медиа образы қалыптасқан, танымал, экранда көбірек көрінген популистерге деген сұраныстың артуы қоғамның дамуына кері әсер ететіндігін ескертеді.

Post-truth терминін алғаш 1992 жылы американдық драматург Стив Тесич қолданған. Ол шындықтың қоғамның саяси және мәдени дискурсындағы орнын жоғалтуын сипаттау үшін енгізген.

## Әдіснама

Post-truth ұғымына байланысты зерттеу еңбектеріне шолу жасалып, талдау, саралау, салыстыру әдіс-тәсілдері қолданылды.

Ғылыми мақалада медиакеңістік – бұл ақпаратты өндіру, тарату және тұтыну процестерін қамтитын кең ауқымды әлеуметтік жүйе екендігі және «Post-truth дәуірі» мемлекеттерге жаңа мүмкіндікпен бірге қатер де ұсынып отырғандығы нақты мысалдар арқылы дәлелденеді.

Astana MediaWeek дәстүрлі халықаралық форумында ҚР Ақпарат және қоғамдық даму экс министрі Дархан Қыдырәлі «пост-шындықтың» ерекшеліктеріне тоқталып, «Бұл дәуірде қоғамдық пікір объективті фактілер емес, адамдардың эмоциясы мен субъективті сенімдеріне жүгіну негізінде қалыптасады. Сондықтан ол мемлекеттерге, үлкен корпорациялар мен медиакомпанияларға жаңа мүмкіндіктермен бірге жаңа қатерлер де

ұсынып отыр. Қолына смартфон ұстаған кез келген адам ақпарат таратушыға айналды. Сондықтан желі кейде желікпенің сөзіне көрік басқан мұндай кезеңде талғамсыз тараған хабарды елейтін елек болмағандықтан, шын мен жалғанның, рас сөз бен жаланың, өсек пен өтіріктің араласып кететіні белгілі», – деп тексерілмеген, анықталмаған, сарапқа салынбаған жалған ақпарат, дерек-дәйегі жоқ дабыл жұртты шатастырып, қоғам мүшелеріне қиындық туғызатындығы жөнінде пікір білдірді [4].

«Постшындық дәуірінде адамдар өздерінің эмоциялары мен сенімдеріне қайшы деп санайтын фактілерді шындық болса да ақиқат деп санамайды. Бұдан былай ақиқат адамдардың жеке сезімдері мен сенімдерінен тыс болатын құбылыс болудан қалады» [5], – деген зерттеушілер пікірі де болашақтағы туындайтын кедергілерден хабардар етсе керек.

Мәселен, «Қаңтар оқиғасы», «Қаңтар қырғыны», «Қаңтар қасіреті», «Қаңтар трагедиясы» аталып жүрген ел ішінде дүрбелең туғызған оқиға басталғандағы биліктің жасаған мәлімдемесі, одан кейінгі құқық қорғау органдарының қызметкерлерінің қару қолдануына байланысты, шеруге шыққандарға ақша таратқан туралы және құқық қорғау органдарының ресми таратқан ақпараттары әлі де саралауды, талдауды қажет етеді. Постшындық ұғымын шындықтан кейінгі ақиқат ретінде қарастыратын болсақ, бұл оқиғаға байланысты әлі зерттеу жүргізіледі деген ойдамыз.

Постшындық әлеуметтік – мәдени – тарихи – тарихи-саяси – экономикалық құбылыс ретінде әрқашан билікті жүзеге асырумен байланысты болғанымен, қазіргі уақытта оның пайда болуы тығыз байланысқан әлемдегі әлеуметтік желілердің әсерінен жаңа және қауіпті реңктерге ие болуда. Өйткені цифрлық жүйеде билік орталықтандырылмаған, ақпарат барлық жерде шектеусіз тарай бере алады. Басқаша айтқанда, постшындық басқа да күрделі функцияларға ие болады, өйткені киберкеңістікті, киберуақытты, киберантропты қамтитын цифрлық мәдениетпен ол біз өмір сүріп жатқан гипер-реалдылықты жасайды және жаңғыртады.

Сондықтан бұл зерттеудің өзектілігі медианың шындықтан кейінгі үстемдік ететін жаңа әлеуметтік-саяси дискурстың қалыптасуына әсер ете алатын пәрменділігінен хабардар етеді. Кез келген ақпарат құралының негізгі міндеті туындаған мәселе бойынша қоғамдық пікір қалыптастыру болып табылатындығы шындық. Қазіргі медиакеністіктің қоғамда атқаратын қызметін төмендегідей жүйелеуге болады:

Бірінші, ақпараттық қызметі: орын алған оқиғалар, түрлі деректер мен құбылыстар, қабылданған заң, ережелер туралы хабарлайды, таныстырады, ақпараттандырады.

Екінші, сараптамалық (аналитикалық) қызметі: орын алған оқиғаны талдайды, қоршаған ортаның шындыққа негізделген құбылысын түсіндіреді, кемшілігі мен артықшылығын көрсетеді, түсініктеме береді.

Үшінші, танымдық-ағартушылық және білім беру қызметі: адам және әлем туралы түсінікті қалыптастырады, аудиторияның танымдық білімінің кеңейуіне ықпал етеді.

Төртінші, адамгершілік-тәрбиелік қызметі: адамгершілік және эстетикалық талғам принциптерін қалыптастырады, жақсылық пен жамандық ұғымдарының аражігін ажырата алуға үйретеді.

Бесінші, әсер ету қызметі: қоғамның өзгеруіне, ізгіленуіне, идеологияның қалыптасуына ықпал етеді.

Бүгінгі медиасарапшылардың басым бөлігі ақпараттық саланы басқаруда халықты жаппай ағарту ғана оң нәтиже беретін шешім екендігін көрсетеді.

Ақпараттық коммуникациялық технологиялардың дамуы медиа кеңістіктегі қарым-қатынас пен саяси коммуникацияны түбегейлі өзгертті. Цифрлық дәуірдің ерекшелігі – ақпараттың қолжетімділігі, таралу жылдамдығы және жалған ақпараттың қоғамға тез әсер етуі. Бұл үрдістер популизмнің өсуіне жаңа мүмкіндіктер туғызды, медиакеңістікте популистік идеяларды жылдам таратуға ықпал етті. Әлеуметтік желілер арқылы таралған қарапайым бірақ, эмоционалды хабарламалар аудиторияның көңіл-күйіне тез әсер етеді. Бұл әсіресе «постшындық» дәуірінде айқын байқалады, мұнда фактілерден гөрі сезімге негізделген хабарламалар басымдыққа ие.

Популистер жаңа медианы таңдау арқылы қоғамдық сілкініске шақырып, мультимедиялық толқуды қоздыра алады. Оның айқын мысалын Трамп пен оның оңшыл англосаксондық қолдаушыларының сайлау алды науқанын ілгерілетуі және антилибералдық көңіл-күйді ынталандыруынан көре аламыз. Трамп реформасы америкалықтарды бірінші орынға қою принципіне негізделді. Оның президенттік сайлауға қатысқан кездегі ұрандарының бірі «America First» деп аталды. Нақтырақ айтсақ, ол иммигранттардың кесірінен америкалықтардың жұмыссыз қалып отырғанын алға тартып, тұрақты жа-laқы мен жұмыспен қамтуға уәде берді [6].

Трампың анти-иммиграциялық шешімдері шын мәнісінде өзі айтқандай америкалықтар мүддесі үшін жасалып жатқан әрекет емес, партиялар арасындағы саяси қақтығыстардың нәтижесі деген пікір де бар. Сонымен бірге иммиграцияның келуін шектегенмен, шекара күзетін күшейту шараларын орындамағанынан ұрандатқан сөздері іс-әрекетімен сәйкес келмейтіндігін байқаймыз. Трамп президенттіктен кеткеннен кейін оқырмандарын конгресті басып алуға үндегені үшін Twitter платформасы парақшасын бұғаттаған. Жаңа медианың мүмкіндіктерін тиімді пайдалану нәтижесінде популист көшбасшылар билікке келіп жатыр.

Белгілі саяси теоретик Джон Кин популистік қозғалыстар мен олардың ізінен еретін, сенім артатын аудиториясын зерттеп, бейім адамдар санатын айқындаған ғалым (John Keane, 2009). Зерттеу еңбегінің нәтижесінде популистердің соңындағы аудитория қоғам ішіндегі тез ашуланғыш, дәрменсіз, тез тітіркенгіш, өз ортасынан шеткері жүретін, мүддесі ескерілмей жатқан топтар екендігін айқындаған. Мұндай адамдар санатына жататындарды жалған ақпаратқа сендіру өте оңай және орындалмайтын уәдеге де сенгіш келеді.

Постшындық дәуірінде популистік идея жиі көтеріледі, тез құпталады. Бұл тек батыс қоғамы үшін ғана емес, кез-келген мемлекет үшін қауіпті тенденция.

### **Нәтиже мен талқылау**

Батыс ғалымдары пост-шындық дәуірінің басталуын Уотергейт пен Ирангейт жанжалдарымен байланыстырады. Десек те Post-truth ұғымы Brexit мәселесімен және

Дональд Трамптың кандидат ретінде АҚШ-тағы президенттік сайлауға қатысуымен танымалдылыққа ие болды [7].

Постшындық дәуірінде қоғамдық пікірді қалыптастыруда объективті фактілерден гөрі эмоциялар мен жеке сенімдерге басымдық беру мәселесі қазіргі таңда батыстың саясаттану ғылымында кеңінен зерттелуде. Ресейде бұл тақырып жалпы қоғам өміріне және жеке тұлғаға қалай әсер ететіні, шындықтан кейінгі ақиқат құбылысының пайда болуы және адам өміріне әсері тұрғысынан зерттеле бастады.

Ал Қазақстанда постшындық туралы Джордж Вашингтон университетінің Медиа және саяси стратегиялық коммуникациялар факультетінің түлегі Ж. Төлеміс: «Біз өмір сүретін қоғамда тағы бір шындық бар. Бұл түсінікке ғалымдар постшындық деген айдар тақты. 2016 жылы әлемдік БАҚ беттерінде және ғылыми академиялық ортада ең көп аталған сөз осы пост-шындық деген термин еді. Оксфорд институты дайындайтын Оксфорд сөздігі 2016 жылы бұл сөзді «жылдың термині» деп атады. Постшындықты біз саяси концепті дейміз, мәдени бетбұрыс немесе мәдени концепті ретінде танимыз», - деп бұл ұғым қазір интеллектуалдар арасында жиі айтылатын доминатты ой, басым бағыт, батыстың тілімен айтқанда интеллектуалдық фреймге айналғандығын айтады. Сондай-ақ, постшындық дәуірінде тек ақпарат таратудың аздық ететіндігін ескертіп, жаңа медиада БАҚ-ты дамыту, ағарту функциясын күшейтудің маңыздылығына мән береді.

Ал «Minder.kz» ақпарат агенттігінің редакторы Е.Кәпқызы «Пост-шындық адамдардың көңіл күйін басқаға аудару үшін эмоциялық көңіл күйді пайдаланады, сөйте тұра нақты шындықты жасыруды мақсат етеді. Бұл тұрғыдан пост-шындық саяси алаңда көбірек пайдаланылып келді. Сондықтан да пост-шындықтың объектісі болатын «популист дискурс» немесе «жалған ақпарат» деген терминдер пайда болды» [8], – деп көрсетеді. Сонымен бірге пост-шындық бүгінгі қоғамда адамдардың көңіл күйін басқаға аудару үшін пайдаланылып, шындықты жасыруды мақсат ететіндігін, бұл ұғым саяси алаңда жиі қолданыс табатындығын да айтады.

Сонымен бірге «Постшындық» – бұл гносеологиялық және саяси тұрғыдан сәтсіз тұжырымдама, өйткені шындық пен саясат арасындағы қарым-қатынасты жеңілдету біздің түсінігімізді бұрмалайды және авторитаризмді ынталандырады [8], – деген пікірді де жоққа шығара алмаймыз.

Post-truth ұғымы мен зерттеушілер берген анықтамаларын сараптай келе, саясат пен медиакеңістіктегі жеке субъективті сезімдер мен эмоцияларға негізделген ақпаратқа артықшылық беретіндігін, бұл нәтижесінде шындықты манипуляциялауға жағдай жасайтындығына көзжеткіземіз.

Міне, зерттеушілер ұсынған анықтаманы сараптай келе, пост-шындық дәуірінде адамдар фактілерден гөрі эмоцияларға негізделген ақпаратқа сенуге бейім екендігі айқындалды. Бұл феномен әсіресе әлеуметтік платформалар арқылы таралатын ақпараттардан анық байқалады, эмоцияға толы контент жылдам таралады. Әлеуметтік платформалар арқылы аянышты видеоконтентарқылы ақша жинап алатын алаяқтарға тез алдануымыздың да себебі осында жатса керек. Цифрлық платформалардың кеңеюі ақпараттың шексіз көлемін қолжетімді етті. Алайда, бұл шынайы ақпаратты жалған ақпараттан ажыратуды қиындатқанын да жоққа шығара алмаймыз. Сондықтан да Post-truth ұғымының саяси сипатын айқындау, эмоцияларға, жеке пікірлерге және

субъективті көзқарастарға негізделген стратегиялардың теріс ықпалын көрсету біздің зерттеуіміздің өзектілігін білдіреді.

Зерттеу барысында біз «Қазіргі пост-шындық өтіріктің жаңа түрі ма?», «Пост-шындыққа жаңа технологиялардың әсері қандай?», «Шындықтан кейінгі ақиқат дегенді қалай түсінеміз?» деген сауалдарға жауап іздедік.

Шындықтың рөлі төмендеген сайын, азаматтардың билікке, БАҚ-қа және бір-біріне деген сенімін азайады. Бұл демократиялық процестердің әлсіреуіне соқтыруы әбден мүмкін.

Өтірік те, жалғандық та, жалған жаңалықтар да жаңа емес, бірақ ХХІ ғасырдың басындағы цифрлық дәуірде ақпаратты тұтынуымыз бен пайдалануымыз бұрын-соңды болмаған өзектілік пен сипаттамаларға ие болды. Гонсалес де Рекенаның пікірінше, «бұл пост-шындық жағдайға өтуді әлеуметтік байланыстар мен міндеттемелердің әлсіреуі арқылы түсіндіруге болады, онсыз эгоисттік мүдделер өтірікке жүгінуден тартынбайды. Сондай-ақ пост-шындық жағдайына кейбір кәсіби тәжірибелерде жалған ақпарат айтудың артуы ықпал етеді...».

## Қорытынды

Post-truth ұғымының саяси сипатына эмоцияларға, жеке пікірлерге және субъективті көзқарастарға негізделген стратегиялар тән. Зерттеушілер еңбегін талдау арқылы бұл құбылыс көптеген демократиялық және авторитарлық елдерде айқын көрініс тапқан. Зерттеу қорытындысында мынадай мәселелерге назар аударғанды жөн санадық:

Біріншіден, пост-шындық саяси кеңістігінде популистік лидерлер жиі пайда болып, өз мүддесіне жету үшін өтірік уәде беріп, ешқандай шындықпен санаспай, сайлаушылардың эмоцияларын манипуляциялауға бағытталған риторика қолданады.

Екіншіден, әлеуметтік желілер мен бұқаралық ақпарат құралдары саяси манипуляция жасау алаңына айналады. Мысалы, таргеттелген жарнама, боттар мен тролльдер арқылы жалған ақпарат кең әрі тез таралады.

Үшіншіден, шындықтың рөлі төмендеген сайын, азаматтардың билікке, БАҚ-қа және бір-біріне деген сенімі азаяды. Бұл түбінде демократиялық процестердің әлсіреуіне, ел ішінде пікір бөлінісінің дендеуі мен бүлік шығаратын топтың көбеюіне ықпал етеді.

Post-truth дәуірінің осындай жағымсыз салдарын азайту үшін мынадай шаралар жасау ұсынылады:

1. Қоғам мүшелерінің медиа сауаттылығын арттыру: кез келген әлеуметтік платформа қолданушысының фейк, жалған ақпаратты ажырата алу дағдысын қалыптастыру. Бұл үшін тіпті балабақшаның ересек топтарындағы тәрбиеленушілерінен бастап, орта білім беру және ЖОО-ның білім алушылары үшін басқарушы орган арқылы міндетті курстар енгізу;

2. Қазақ ақпарат нарығында фактчекинг жасайтын сапалы платформалар санын көбейтіп, мемлекет тарапынан қаржыландыру тетігін ойластыру;

3. Жасанды интеллекті қолдану арқылы жалған ақпаратты анықтау және жою механизмдерін жетілдіру қажет.

Медиакеңістіктегі Post-truth ұғымы қазіргі қоғамның күрделі феномендерінің бірі болып табылады. Post-truth тақырыбына байланысты зерттеушілер тұжырымдарын негізге алатырып, фактімен шындықтың құндылығын төмендететін манипуляциялауды

болдырмаудың бірден бір жолы қоғамның ақпарат тұтыну мәдениетін арттыру. Фактчекинг құралдарын дамыту және құқықтық негіздерді нығайту арқылы постшындықтың теріс әсерін азайту қажет.

### **Авторлардың қосқан үлесі.**

**Г.А. Есімова** – ғылыми мақалада қолданылған деректерді талдау, шолу, мақаланы талапқа сай рәсімдеу.

**Г.Қ. Ертасова** – зерттеу жұмысында қолданылған әдіс-тәсілдерді, зерттеу нәтижелерін сараптау.

### **Әдебиеттер тізімі**

1. Штурхецкий С. Медиаसाуаттылық. Жоғары оқу орындарына арналған медиа және ақпараттық сауаттылық бойынша оқу құралы. - IREX Europe, 2018. – 151 б.

2. Oxford Dictionaries. [Electronic resource]. 2018. URL: <https://www.oxforddictionaries.com/> (Accessed: 27.08.2024).

3. Большая российская энциклопедия. Термины. [Электронный ресурс]. Постправда. URL: <https://bigenc.ru/c/postpravda-33db1f> (дата обращения: 25.07.2024).

4. Кәпқызы Е. «Постшындық дегеніміз не?» мақаласы. [Электронды ресурс]. // 16 шілде, 2022 жыл. «Minber.kz» ақпарат агенттігі. URL: <https://www.minber.kz/2022/07/post-shyndyq-degenimiz-ne> (қаралған күні: 20.08.2024).

5. Vogelmann F. Rethinking the Relationship between Truth and Politics // A Journal on Civilisation. - 2018.

6. «Постшындық дәуірі» мемлекеттерге жаңа мүмкіндікпен бірге қатер де ұсынып отыр [Электронды ресурс]. // 26 қазан, 2022 жыл. «ҚазАқпарат» Халықаралық ақпарат агенттігі. URL: [https://kaz.inform.kz/news/postshyndyk-dauiri-memleketterge-zhana-mumkindikpen-birge-kater-de-usynur-otyr-akparat-ministri\\_a3994472/](https://kaz.inform.kz/news/postshyndyk-dauiri-memleketterge-zhana-mumkindikpen-birge-kater-de-usynur-otyr-akparat-ministri_a3994472/) (қаралған күні: 21.08.2024).

7. Өзбек С., Қалдыбекова А. Пост-шындық (Post-truth) және Ханна Арентттің саясаттағы ақиқат пен жалған туралы саяси ойлары // Қоғам және дәуір. – 2021. - №4 (72).

8. Өрісбай Ж. Трамп АҚШ-ты иммигранттардан тазартпақ. Америкалықтар бұл популистің қайта президент болғанын неге қалайды? // Inform buro [Электронды ресурс]. URL: <https://informburo.kz/kaz/tramp-ash-ty-immigranttardan-tazartpa-amerikalyltar-bl-populist-ayta-prezident-bolanyn-nege-alaydu.html> (қаралған күні: 29.08.2024).

**Г.А. Есімова, Г.Қ. Ертасова**

*Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан*

### **Понятие post-truth в медиапространстве и его политический характер**

**Аннотация.** Статья посвящена анализу явления постправды в современной политической коммуникации. В эпоху информационного общества с развитием цифровых технологий с каждым днем все сложнее отличить правду от лжи. Поэтому понятие Post-truth или «пост-правда» сформировалось как важнейшая характеристика современного медиапространства и политического дискурса. В статье анализируется сущность, этимология понятия Post-



truth в медиапространстве, причины его возникновения и политические характеристики. Проанализированы выводы западных, российских, казахстанских ученых, рассмотрены подходы к предотвращению негативного воздействия эпохи постправды. Через реальные примеры доказывается, что отсутствие цензуры в интернете приводит к увеличению количества ложных сообщений, распространяемых на разных уровнях, а также изучается роль фактов, доказательств, теоретических основ и критического мышления в эпоху постправды. Негативное влияние дезинформации на общество, ее политические последствия демонстрируют, как меняется современное цифровое пространство. В заключении исследования авторы отмечают, что в политическом пространстве пост-правды часто появляются популистские лидеры, которые дают ложные обещания для достижения своих интересов и используют риторику, направленную на манипулирование эмоциями избирателей, а социальные сети и средства массовой информации становятся площадками для политических манипуляций.

**Ключевые слова:** Post-truth, манипуляция, популист, эмоции, правда.

**G.A.Yessimova, G.K. Yertassova**

*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan*

### **The concept of post-truth in the media space and political nature**

**Abstract.** The article is devoted to the analysis of the phenomenon of post-truth in modern political communication. In the era of the information society, with the development of digital technologies, it is becoming more difficult to distinguish truth from lies every day. Therefore, the concept of Post-truth or "post-truth" has emerged as the most important characteristic of the modern media space and political discourse. The article analyzes the essence, etymology of the concept of Post-truth in the media space, the causes of its occurrence and political characteristics. The conclusions of Western, Russian, and Kazakh scientists are analyzed, and approaches to preventing the negative impact of the post-truth era are considered. Through real-life examples, it is proved that the lack of censorship on the Internet leads to an increase in the number of false messages distributed at different levels, and the role of facts, evidence, theoretical foundations and critical thinking in the post-truth era is also studied. In conclusion, the authors note that populist leaders often appear in the post-truth political space, who make false promises to achieve their interests and use rhetoric aimed at manipulating voters' emotions and mass media become platforms for political manipulation.

**Keywords:** Post-truth, manipulation, populist, emotions, truth.

### **References**

1. Shturhesky S. Mediasauattylyk. Zhogary oku oryndaryna arналған media zhane akparattyk sauattylyk boynsha oku kuraly [Media literacy. Media and information literacy textbook for higher education institutions] (IREX Europe, 2018, P. 151).
2. Oxford Dictionaries. [Electronic resource]. 2018. Available at: <https://www.oxforddictionaries.com> (Accessed: 27.08.2024).
3. Bolshaya rossiskaya ensoklopedia. Terminy. [Big Russian Encyclopedia. Term], [Electronic resource], Postpravda. URL: <https://bigenc.ru/c/postpravda-33db1f/> (Accessed: 25.07.2024).

4. Kapkyzy E. Postshyndyq degenimiz ne? [What is post-truth?] [Electronic resource], "Minber.kz" news agency, July 16, 2022. Available at: <https://www.minber.kz/2022/07/post-shyndyq-degenimiz-ne> (Accessed: 20.08.2024).

5. Vogelmann F. Rethinking the Relationship between Truth and Politics, *A Journal on Civilisation*, 2018.

6. "Postshyndyq dauiri" memleketterge zhana mumkindikpen birge kater de usynyp otyr ["The era of post-truth" presents new opportunities and threats to the states] [Electronic resource], "Kazakparat" International News Agency. October 26, 2002. Available at: [https://kaz.inform.kz/news/postshyndyk-dauiri-memleketterge-zhana-mumkindikpen-birge-kater-de-usynyp-otyr-akparat-ministri\\_a3994472/](https://kaz.inform.kz/news/postshyndyk-dauiri-memleketterge-zhana-mumkindikpen-birge-kater-de-usynyp-otyr-akparat-ministri_a3994472/) (Accessed: 21.08.2024).

7. Ozbek S., Kaldybekova A. Post-shyndyq (Post-truth) jane Hanna Arendttin saiasattagy akikat pen zhalgan turaly sayasi oilary [Post-truth and Hannah Arendt's political thoughts on truth and falsehood in politics], *Kogam zhane dauir [Society and era]*, 4 (72)2021.

8. Orisbay J. Tramp AQSH-ty imigranttardan tazartpak. Amerikalyktar bul populisin kaita prezident bolganyn nege kalaidy? [Trump wants to rid the US of immigrants. Why do Americans want this populist to be president again?], *Inform buro [Electronic resource]*. Available at: <https://informburo.kz/kaz/tramp-ash-ty-immigranttardan-tazartpa-amerikalytar-bl-populist-ayta-prezident-bolanyn-nege-alaydy.html> (Accessed: 29.08.2024).

#### Авторлар туралы мәлімет

**Есімова Г.А.** – хат-хабар авторы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Журналистика» білім беру бағдарламасының 3-курс докторанты, Астана, Қазақстан.

**Ермасова Г.Қ.** – аға оқытушы, Баспасөз және баспа ісі кафедрасы, Журналистика және әлеуметтік ғылымдар факультеті, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

**Есімова Г.А.** – автор для корреспонденции, докторант 3 курса образовательной программы «Журналистика» Евразийского национального университета имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан.

**Ермасова Г.К.** – старший преподаватель, кафедра печати и издательского дела, факультет журналистики и социальных наук, Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан.

**Yessimova G.A.** – corresponding author, 3rd year doctoral student of the educational program «Journalism» of the L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

**Yertassova G.K.** – Senior lecturer, The Department of Printing and Publishing, Faculty of Journalism and social science, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).